

Даңқты шахтер

Баянауыл ауданының Майқайың кентінде 1963 жылы өмір есігін ашқан Ерлан Қасеновті соқпақты өмір жолдары «Богатырь Көмір» сынды үлкен кенішке алып келетінін кім білген!



Қарапайым да берекелі шаңырақта өскен Ерлан Қомшабайұлы туған ауылында сегізінші сыныпты тәмамдағаннан кейін бірден Екібастұздағы тау-кен техникумына оқуға түседі. Еңбексүйгіш әрі талапшыл жас тек оқумен шектеліп қалмай, «Богатырь Көмір» кенішінде тәжірибеден өтіп, өзінің үйренген білімін тиянақтай түседі. Оның алып кәсіпорынға аяқ басуы осыдан басталады. Кеніш оған үлкен мектеп болғанымен машинистің көмекшісі болып істеу өлі бұғанасы қатпаған жасқа оңай тисін бе? Алайда жұмысқа деген қызығушылық ондай кедергілер жайлы ойлануға мұрша бермейді. Әрі іске икемі бар Ерланға басшылықтың да назары түсіп, оқуын бітіргеннен кейін бірден өзі қыр-сырына қаныға бастаған жұмысында біржола тұрақтайды. Жұмыстың ретіне қарай алғашында электрик, кейін 5-роторлы экскаваторда істейді. Алайда сол жылдың қазан айында әскерге шақырылып, екі жыл Германияның Магдебург қаласында әскери борышын өтеп қайтады.

«Әскерден келгеннен кейін бірден отбасын құруға тура келді»,—дейді Ерлан аға. Оған себептер де жоқ емес екен.

— «Үйленсең екі бөлмелі пәтер береміз»,—деді басшылық. — Басыма ырыс қонғалы тұрса, одан қайтіп айырылайын. Әскерге кетпей тұрып пәтер кезегіне

тұрғанмын. Ол уақытта жас маманды ынталандыру мақсатында бір бөлмелі пәтер тегін берілетін. Енді жағдай басқаша болды. Бала кезден бір ауылда өсіп, бір мектепте оқыған Зайра өсімді әдемі қызбен сөз байласып жүрген едім. Екеуіміз бас қостық. Жұмыстан екі бөлмелі пәтердің кілті табысталды. Алла нәсіп етіп бір жылдан кейін жан жарым шекесі торсықтай ұлды дүниеге әкелді. Екі жылдан кейін қыз сүйдік. Екі баланың арқасында төрт бөлмелі үйге де қол жеткіздік,—дейді кейіпкеріміз алғаш отау құрған жылдардың естен кетпес сәттеріне ой жүгіртіп.

Шаңырақ көтеріп, бала сүю — адам өміріндегі ұмытылмас сәттердің бірі. Қанша ауыр жұмыс істеп, қиналсаң да үйдегі баланың балдай тәтті қылығы шаршағаныңды ұмыттыратыны шындық. Сөйтіп жүріп жылдардың зымырап өткенін білмей де қаласың.

Ерлан Қомшабайұлы ұзақ жылдар «Богатырь Көмір» кенішінде талмай еңбек етіп, бұл күні сол бейнетті өмірінің зейнетін көруге жақын. III, II дәрежелі «Шахтер даңқы» төсбелгісін кеудесіне тағып үлгерген ол жақында I дәрежелі төсбелгіні де алмақшы. Ұзақ жылғы еңбегі ақталып, «Шахтер даңқы» атағының толық иегері атанбақшы.

Ер-азаматтың жігері жасымай, қажырлы еңбек етуіне тағдыр қосқан қосағының да тигізер ықпалы зор. Зайыбы Зайра Қасенова да ерін сыйлап, ұрпағына ұлағатты тәрбие беретін жан. Отағасының ақылына ақыл қосатын да өзі. Сонымен бірге өз кәсібінің майталманы. №1 аурухананың медбикесі. Тұңғыш ұлы Бақтияр Павлодар мемлекеттік университетінде теміржол мамандығына оқыды. Қазір жеке кәсіппен айналысады. Ал қызы Әйгерім - ағылшын тілі маманы.